

ТӘРБИЕ

ҚЫЗ БАЛАҒА СЕНІМДІ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қыз баланың қауіпсіздігі – қоғамның мәдениет деңгейін айқындайтын басты өлшемдердің бірі. Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпараттың ағыны мен әлеуметтік желілердің ықпалы күшейген сайын, жасөспірім қыздардың психологиялық және физикалық қауіпсіздігіне алаңдаушылық күн сайын артып келеді. Сондықтан балаға сенімді орта қалыптастыру – тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.



Қыз баланың бойындағы сенім мен өз-өзіне деген құрмет, ең алдымен, отбасынан бастау алады. Әке мен ананың қарым-қатынасы, жылы сөзі мен қамқорлығы – баланың өзін қоғамда еркін, қауіпсіз сезінуінің негізі. Отбасында қалыптасқан тәрбие негізі – қыз баланың болашағына кепіл. Ата-ананың міндеті – қыз баланы қорқытып немесе шектеумен емес, түсіністік пен сенім арқылы тәрбиелеу. Қызды өз пікірін ашық айтуға, өзін-өзі қорғауға, қажет жағдайда көмек сұрауға үйрету – өмірлік маңызды дағды. Қыз баланың отбасына сеніммен өз ойын білдіре алуы – маңызды қадам. Бұл әрекеттің негізгі бастауы білім ордасында екенін айта кеткен жөн. Мұнда да сенімді, сыйластыққа құрылған орта қалыптасуы қажет. Педагог пен студент арасындағы жылы байланыс, достыққа, сыйластыққа негізделген ұжымдық ахуал баланың тұлғалық дамуына әсер етеді.

Қыз баланың қауіпсіздігі тек физикалық шеңбермен шектелмейді. Бүгінде ақпараттық кеңістік – ең осал тұстың бірі. Әлеуметтік желілерде шектен тыс ашықтық, жал-

ған идеалдарға еліктеу, интернеттегі теріс әрекеттер қыз баланың психологиясына әсер етуі мүмкін. Сондықтан медиа мәдениетін қалыптастыру, цифрлық қауіпсіздік дағдыларын үйрету – заман талабы. Әр ата-ана мен ұстаз баланың интернеттегі әрекетіне немқұрайлы қарамауы тиіс. Қыз бала – болашақ ана, ұрпақтар сабақтастығының негізі. Оған төнген қауіп ұлттың болашағына қауіп төндіреді. Сол себепті қоғамда қыз баланы қорғау мәдениетін, құрмет пен ізетті арттыру бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуі керек.

Қыздың сөзі еленетін, ойы тыңдалатын, қауіпсіз әрі сенімді орта – әділетті қоғамның міндеті. Сенімді орта қалыптастыру – заңмен емес, жүрекпен жасалатын іс. Әрбіріміз өз отбасымыздан бастап, қыз баланың қадірін түсініп, оның намысы мен абыройын қорғай білсек, мықты, мәдениетті ұлт қалыптасады.

**А.ТАЗАБЕК,
А.МУСИРОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ «Журналистика және қазақ тілі» кафедрасының оқытушылары**